

Мемлекет

- Орындаған: Нұрсейтова Ботагөз
- Тобы: БҚ-211
- Тексерген: Игенбай Айдос

Анықтама

Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, **қоғам** табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік **ұйымы**. **Егемендікке**, заңдастырылған зорлықты пайдалануға **монополияға** ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың еркеше түрі, саяси жүйенің орталық **институты**

Мемлекет


деген ұғым бірнеше мағынада қолданылады.

- Біріншіден: қоғамды басқаратын аппарат. Себебі «үкімет» деген ұғымға сай.
- Екіншіден: қоғам мүшелерінің ассоциациясы. Мұнда «халық», «ел», «қоғам» сөздеріне сәйкес

-
- Патриархтық теория
 - Қоғамдық келісім теориясы
 - Теологиялық теория
 - Зорлық жасау теориясы
 - Географиялық теория
 - Психологиялық теория
 - Марксистік теория




Патриархтық теория. Оның негізін салушы XVIII ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы **Роберт Филмер**. Ол мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастыққа, олардың одан әрі мемлекетке дейін бірігуінен деп санайды.



Қоғамдық келісім теориясы. Негізін салушылар: **Т.Гоббс, Г.Гроций** . Мемлекет тәуелсіз әмірші мен оның қол астындағы адамдардың келісімі арқылы пайда болды.



Зорлық жасау теориясы. Негізін салушылар: **Е. Дюринг, К.Каутский**. Мемлекет бір елді екінші елдің басып алуының нәтижесінде арасындағы қатынастарды реттеу үшін пайда болды.



Географиялық теория. Негізін салушылар: **А. Гатцель, В.Соловьев, Б.Чичерин**. Мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның өзгешеліктерінен деп түсіндіреді

- **Психологиялық теория.** Адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән болған дегенді айтады.
- **Марксистік теория.** Мемлекет жеке меншік пен таптың пайда болуынан туған дейді. Яғни, экономика жағынан үстем болып тұрған таптың мүддесін қорғап, басқа таптардың қарсылығын басу үшін керек дейді.

Мемлекеттің белгілері :

1. Өзінің шекарасы бар, белгілі территориясы болады. Өндірістің өркендеуі, сауданың өсуі, еңбектің бөлінуі, халықтың көбеюі кәсіпке байланысты аумақтық бөлінуге әкелді. Аудан, облыс, штат, т.с.с. пайда болды.
2. Ерекше үкімет аппараты болады: мемлекетте әр түрлі мәселелерді шешу үшін қарулы әскер, шенеуліктік аппарат, полиция, сот, барлау, шіркеу, баспасөз, т.б. құралдар қажет болады.
3. Мемлекет егеменді болуы керек. Ол – ішкі және сыртқы істерін атқарудағы толық тәуелсіздігі, дербестігі.
4. Ішкі істер органдары, тергеу комитеті, прокуратура. Қылмыс жасағандарды еркінен айырудан бастап, өлім жазасына дейін кесе алады.
5. Салық салу. Үкімет аппаратын ұстау үшін халыққа салық салады.
6. Мемлекеттің азаматтығын алу қажет. Сол жерде туып, өскен соң, сол елдің азаматы болуың керек, онсыз мемлекет тарапынан қорғаныш болмайды.

Мемлекеттің басқару түрі

- **Монархия**
- **Республикалық**

Монархия

- Мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара, бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Монархия абсолюттік, конституциялық болып бөлінеді. Абсолюттік монархия деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, формальді түрде де шектелместен бір адамның қолында тұрған құрылысты айтады. Мысалы: Ресейдегі Романовтар әулеті.

Республикалық

- Мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады.
Республика президенттік және парламенттік болып бөлінеді.

СОҢҒЫ